



АВТОНАРЫҚТЫ
ТАЛДАУ ЖӘНЕ
МОНИТОРИНГІЛЕУ
ОРТАЛЫҒЫ



2022 ЖЫЛДЫҢ 6 АЙЫНЫҢ
ҚОРЫТЫНДЫСЫ БОЙЫНША
**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ЖАҢА АВТОМОБИЛЬ НАРЫҒЫ МЕН
АВТОПАРКІНЕ ШОЛУ**

Қазақстанның автомобиль нарығының динамикасы, 2022.





АВТОНАРЫҚТЫ
ТАЛДАУ ЖӘНЕ
МОНИТОРИНГЛЕУ
ОРТАЛЫҒЫ

Есептік кезеңнің (қаңтар-маусым) қорытындысы бойынша, дилерлер 51,8 мың жаңа автомобиль саудалаған (жеңіл автомобиль, LCV, жүк көліктері, арнайы техника мен автобустарды қоса есептегенде), бұл 2021 жылдың алғашқы жартыжылдығындағы сауданың 92,3% құрайды.

Әйтсе де ақпан мен наурызда сауда былтырғы деңгейден асып түсті. Қаңтарда, сәуірде және мамырда көрсеткіштер былтырғы деңгейден төмен болып шықты. Маусымда жаңа автомобильдердің саудасы былтырғы деңгейге жетті.

Электронды құрамдастардың тапшылығы, жаһандық инфляция, Шығыс Еуропадағы геосаяси тұрақсыздық пен логистикалық тізбектің ажырап кетуі әлемдік автомобиль нарығын әлі де қыспаққа алып жатыр. Қазақстан нарығындағы жағдайға Ресей Федерациясынан автомобильдер мен машина жиынтықтарын жеткізудің күрт қысқаруы үлкен әсер етті.

Осындай жағдайлардан 6 айдың қорытындысы бойынша жаңа техниканың жиынтық саудасы 7,7%-ға төмендегені байқалды, әйтсе де, бұған дейін айтылғандай, жекелеген айларда сауда былтырғы деңгейден асып түскен. Сонымен бірге Қазақстанда жерсіндірілген автомобильдердің нарықтағы үлесі 80%-ға дейін өсіп отыр. Жалпы алғанда, әлемдік нарықта 6 айдың қорытындысы бойынша сауданың 8,5%-ға төмендегені байқалды. Барлығын қосқанда жыл басынан бері әлемде 38 млн 468 мың автомобиль сатылған.



Қазақстандық автонарықтағы ҮЗДІК-5 бренд

Қазақстандық сатып алушылардың сұранысындағы бес брендтің қатарында Hyundai, Chevrolet, Kia, Lada, Toyota автомобильдері бар. Нарықтағы ҮЗДІК-5-тіктің құрамы өткен жылмен салыстырғанда өзгерген жоқ, десек те Toyota-ның саудасы 35,6%-ға төмендеді. Ол Санкт-Петербургтен Camry мен RAV4 модельдерін жеткізудің тоқтауымен байланысты болып отыр.


2022 жылдың алғашқы 6 айындағы ҮЗДІК-5-тіктегі маркалардың үлесі еліміздегі жаңа автомобильдерге жалпы сұраныстың 78,5%-ын құрады. Былтыр бұл көрсеткіш 73,8%-ды құраған болатын.

Алғашқы жартыжылдықтың қорытындысы бойынша отандық кәсіпорындар 51 565 бірлік техника шығарды. Өндірістің өсімі былтырғы дәл осындай кезеңмен салыстырғанда 30%-ды құрады. Машина жасау саласында автомобиль өндірісінің үлесі 37,5%-ды құрады. Өндірісі 9,4%-ға қысқарған жүк автомобильдерінен өзге техникалардың барлық түрлері бойынша шығару көлемінде өсім бар. Кедендік-тарифтік кедергілердің жеңілдетілгеніне қарамастан көліктің бұл санатында импорт та төмендеді. Қазақстанның автомобиль нарығының жағдайына айтарлықтай әсер ететін еліміздің көршілеріндегі өндірістің динамикасындағы өзгерістерді атап өткен жөн. Ресейде 2022 жылдың алты айында 281 мың жеңіл автомобиль шығарылған, бұл былтырғы сәйкес кезеңдегі көрсеткіштен 61,8%-ға төмен.


Оған қоса, жалпы алғанда, 2022 және 2023 жылдарға әлемдік автомобиль өндірісінің базалық болжамы 2,6 млн-ға: сәйкесінше 81,6 млн-ға және 88,5 млн-ға дейін төмендетілген.



КӨЛІК ҚҰРАЛДАРЫН ӨНДІРУ,
2022 I ЖАРТЫЖЫЛДЫҚ



КӨЛІК ҚҰРАЛДАРЫН ӨНДІРУ,
2021 I ЖАРТЫЖЫЛДЫҚ



Қазақстанның 2022, алғашқы жартыжылдықтағы автопаркі



АВТОНАРЫҚТЫ
ТАЛДАУ ЖӘНЕ
МОНИТОРИНГІЛЕУ
ОРТАЛЫҒЫ

1 шілдедегі жағдай бойынша Қазақстанда 3 907 214 жеңіл автомобиль тіркелген. Осы көрсеткіш бойынша есептік кезеңде 1,65%-ға өсім байқалды. 2021 жылдың 1 шілдесінде тіркелген автомобильдер паркінде 3 843 826 бірлік автомобиль болды.

Өңірлердегі жеңіл автомобильдердің саны.

Облыстар бойынша тіркелген ж/а саны, 2021 I жартыжылдығы

Ақмола	166 822
Ақтөбе	131 793
Алматы	481 697
Атырау	101 416
Батыс Қазақстан	109 726
Жамбыл	198 531
Қарағанды	277 920
Қостанай	161 768
Қызылорда	105 083
Маңғыстау	129 092
Оңтүстік Қазақстан	182 079
Павлодар	147 823
Солтүстік Қазақстан	123 813
Түркістан	289 049
Шығыс Қазақстан	289 049
Нұр-Сұлтан	273 811
Алматы қ.	467 444
Шымкент қ.	111 028
Дипломатиялық нөмірлер	29 689
Өңірі көрсетілмегендер	225 114

Өңірлердегі жеңіл автомобильдердің саны.

Облыстар бойынша тіркелген ж/а саны, 2022 I жартыжылдығы

Ақмола	157461
Ақтөбе	144161
Алматы	501485
Атырау	102164
Батыс Қазақстан	114799
Жамбыл	217085
Қарағанды	249932
Қостанай	166978
Қызылорда	97338
Маңғыстау	129976
Оңтүстік Қазақстан	172283
Павлодар	151609
Солтүстік Қазақстан	129491
Түркістан	162078
Шығыс Қазақстан	253061
Нұр-Сұлтан	285381
Алматы қ.	463698
Шымкент қ.	135116
Дипломатиялық нөмірлер	34342
Өңірі көрсетілмегендер	238776


Автомобильдендіру деңгейі

Халықтың жеңіл автомобильдермен қамтамасыз етілу параметрлері бойынша республиканың әр 1000 тұрғынының жеке меншігінде есептік кезеңде 180 бірлік автомобиль бары анықталды.




АВТОНАРЫҚТЫ
ТАЛДАУ ЖӘНЕ
МОНИТОРИНГІЛЕУ
ОРТАЛЫҒЫ

1 000 тұрғынға автомобиль саны, бірлік



Өңірлер бойынша автомобильдендірудің ең жоғары деңгейі Алматы облысында тіркелді – 1 000 тұрғынға 231 автомобиль, ең төмені – Түркістан облысында – 1 000 тұрғынға 76 автомобиль.

Пайдаланатын отын, жеңіл автомобильдер





АВТОНАРЫҚТЫ
ТАЛДАУ ЖӘНЕ
МОНИТОРИНГІЛЕУ
ОРТАЛЫҒЫ

Қорытынды

2022 жылы автомобиль нарығы әлі де жаһандық тапшылық қыспағында отыр. Ол біздің елімізде Ресей Федерациясынан автомобильдер мен машина жиынтықтарын жеткізудің қысқаруына алып келді.

Қазақстандағы жаңа автомобильдердің саудасы, мың



АТМО-ның қазақстандық нарықтағы ірі ойыншылар арасында жүргізген сарапшылық сауалнамасы екінші жартыжылдықтың нәтижелелері нарықтың қатысушыларының бейінділігімен және валюта нарығындағы жағдайға қарай айқындалатынын көрсетті.

«Көпшілігі соңын күтіп отыр. Біздің клиенттеріміз де күтуде, мүмкін рубль арзандар, онда баға да қалпына келетін болады. Біз тек жағдайға икемделе аламыз. Клиенттер де икемделеді, біреулер жүрілген көліктерді таңдайды, шұғыл көлік сатып алғысы келетіндер – бізден алады. Сауда тоқтап қалды деп айтуға келмейді. Сауда жүріп жатыр, бірақ ол өте қиын жүруде», – деп пікір білдірді «Виразж» КТ.

«Әлемдегі саяси-экономикалық ахуалға қарамастан, нарық сауданың қалпына келгенін көрсетіп отыр. Брендтер әлі де логистикалық үдерістерді реттеу үстінде, екінші жартыжылдықта жаңа автомобильдер өндіріліп, жеткізіледі деп күтудеміз», – деп пікір білдірді «Allur» КТ.

«Бірінші жартыжылдыққа қарағанда екінші жартыжылдық әлдеқайда табысты болады. Оған дистрибьютерлердің қабылдап жатқан қарсы шаралары көмектеседі. Өте оптимистік жоспарымыз бар», – деген пікір айтты «Terra Motors» ТК.

«Барлық қиындықтарға қарамастан, 2022 жылы Hyundai Trans Kazakhstan зауыты толық қуатына көшіп, автомобиль өндірісін одан әрі арттырып, модельдер қатарын кеңейтіп жатыр. «Астана Моторс» құрамындағы кейбір дистрибьюторларымыз жаңа логистикалық бағдарларды қарастыруда, өйткені жекелеген автомобиль брендтері РФ арқылы транзитпен автомобиль тасымалдауды доғарды. Осыған байланысты Қазақстанға автомобиль жеткізуде қиындықтар туындап отыр», – деп өз пікірін білдірді «Астана Моторс» ҚМК

АТМО-ның алдын ала бағалаулары бойынша, саудадағы қазіргі динамика сақталып және логистика жұмысы реттелетін болса, нарық былтырғы деңгейге тағы 10% өсім көрсететін болады. Ал болжамның орындалу ықтималдығы елдегі макроэкономикалық жағдайға және құрамдастар мен техниканы тұрақты жеткізілуіне байланысты болмақ.



АВТОНАРЫҚТЫ
ТАЛДАУ ЖӘНЕ
МОНИТОРИНГІЛЕУ
ОРТАЛЫҒЫ

OFFICE@САМА.KZ

*ШОЛУДЫ ӘЗІРЛЕУ БАРЫСЫНДА АТМО, ҚР СЖЖРАҰСБ, ҚАБҚ, LMCAUTOMOTIVE,
ҚР ҰБ, РОССТАТ, S&P GLOBAL MOBILITY МӘЛІМЕТТЕРІ ПАЙДАЛАНЫЛДЫ.